

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИМ
МАҚАН ЕСБОЛАТОВ атындағы
АЛМАТЫ АКАДЕМИЯСЫ

А. МАРАТ
А. БАТЫРБАЕВ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫНДА
ЖЕКЕ ӨМІРГЕ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҚ
ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Әдістемелік ұсыным



Алматы
2023

Әдістемелік ұсыным Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми-әдістемелік отырысында талқыланып, мақұлданды. №11 хаттама 21 қыркүйек 2023 ж

Рецензенттер:

Е. Кемали – Туран Университеті Заңтану және Халықаралық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к.

Е. Рахмет – әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, философия докторы (PhD)

А.М. Марат, А.К. Батырбаев. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқықтық саясатында жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету мәселелері: әдістемелік ұсыным. – Алматы: Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы ҒЗЖҰБЖРБЖ, 2023. 57 б.

Әдістемелік ұсынымды әзірлеудің мақсаты жеке өмірге қол сұғылмаушылық қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық құқықтық және криминологиялық зерделеу болып табылады.

Әдістемелік ұсыным құқықтану саласындағы мамандарға, сондай-ақ ПО жүйесінің ғылыми және практикалық қызметкерлеріне, оқытушылар мен ведомствалық және өзге де заңдық оқу орындарындағы білім алушыларына арналған.

Кіріспе

Өркениетті қоғамның негізгі жетістігі болып саналатын адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының арасында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы маңызды орын алады. Дәл осы құқық тікелей жеке адамның бостандығы мен қадір-қасиеті сияқты жалпы адами басымдылықтарды сақтайды. Бұл тұрғыда азаматтардың жеке өміріне қол сұғу кең мағынадағы адамның бостандықтарының біріне қолсұғушылық болып табылады.

Соңғы кездері Қазақстанда азаматтардың жеке өмірін қорғау саласындағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттің қазіргі замандағы қылмыстық саясатының негізгі басымдылықтары жеке адам және оның құқықтары мен бостандықтарының бағыты, ізгілендіру, ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға жақындату болып табылады. Алайда азаматтардың жеке өмірін қылмыстық-құқықтық қорғау тиімділігін арттыруға бағытталған күштер мен құралдар әзірше жеткіліксіз сондай-ақ, сәйкесінше, оларды қолдану үнемі тиімді бола бермейді.

Бүгінгі таңда қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісі не болып табылады деген басты мәселе ашық қалып отыр. Себебі заңнамада адамның жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы мазмұнының өзі ашылмаған. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығының субъектісіне қатысты көптеген мәселелер де шешілмей отыр, мысалы, «жария адамның» бейресми өмірін қорғаудың ерекшеліктерін нормативтік реттеу қажет. Ұлттық заңнамада аталған санаттардың болмауы адамның жеке өміріне қолсұғылмаушылықты қорғайтын қылмыстық-құқықтық нормалардың жүйесін талдауды қиындатады.

Терроризмге қарсы әрекет етулерге байланысты азаматтардың негізгі құқықтарына жаңа шектеулердің пайда

болуына, көптеген субъектілердің дербес деректер базасына кіруін мүмкін ететін жаңа ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты азаматтардың жеке өмірін қорғаудың қылмыстық-құқықтық нормаларын зерттеу өзекті болып табылады. Бұл өткір тұрған әлеуметтік проблемалар азаматтардың жеке өмірінің құпиясына қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету мәселесіне қосымша назар аудартады.

Зерттелуі теориялық та, практикалық та маңызға ие жоғарыда аталған проблемалардың жиынтығы зерттеу тақырыбының өзектілігіне себепші болып отырған азаматтардың жеке өмірін қылмыстық-құқықтық қорғау проблемаларын шешуде қылмыстық заңның мүмкіндіктері мен шектерін жан-жақты талдауды, ғылыми және әдіснамалық ережелерді, нақты ұсынымдарды әзірлеуді талап етеді.

1. Азаматтардың жеке өміріне қолсұғылмаушылық құқығының ұғымы

Жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы Қазақстан Республикасының Ата Заңымен бекітілген адамның негізгі дербес құқықтарының бірі болып табылады. Жеке құқықтардың, жалпы алғанда жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығының конституциялық кепілдігін жүзеге асыру неғұрлым тиімді болса, көбінесе демократиялық қоғамдағы әр адамның жеке бостандығы ретіндегі міндетті белгісіне байланысты болады.

Адамның өмірін, құқығы мен бостандығын мемлекеттің жоғары құндылығы деп жариялай отырып, Ата Заңда Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет деп атағандықтан, демократияның жоғары құндылығы болып табылатын оның қағидалы негізін бекітеді. Заманауи демократиялық мемлекетте адамның құқықтары бейматериалдық сипаттағы ең басты құндылығы болып табылады.

А.К. Айтқожиннің айтуы бойынша, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қазақстандық қоғамның жоғары құндылығы ретінде конституциялық бекітілуі, олардың түбегейлі дәрежесін көрсетеді. Сондықтан барлық мемлекеттік органдардың қызметінде құқықтар мен бостандықтардың басымдығын және осы құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылуының бағытын түсіндіреді [1, 58 б].

Адамның құқықтары – бұл әрбір индивид үшін лайықты өмірді таңдау деңгейіне, халықаралық және ұлттық стандарттар мен рәсімдерге сәйкес бекітілген мемлекеттік озбырлықтан сақтау және қорғаудың тиімді әлеуметтік жүйесіне демократиялық қоғаммен кепілдік берілген мүмкіндіктері [2, 32 б].

Тұлғаның заңды құқықтары мен бостандықтары белгілі бір мақсаттарға жету үшін мүмкіндік беретін арнайы құрал,

сондықтан басты құқықтары мен бостандықтарының мазмұнын дұрыс ашу өте маңызды болып табылады.

Әдетте, мемлекеттің конституциясында бекітілген құқықтар, негізгі құқықтар деп аталады. «Мемлекеттік конституция адамның табиғи құқықтарының ажырағысыз, одан ешкім айыра алмайды және олар әркімге тумысынан жазылған деп бекітуі нәтижесінде олар заңдық мәнге ие болып, басқа сөзбен айтқанда, олар субъективті құқықтарға айналды. Негізгі құқықтарды азаматтың субъективті құқықтары ретінде түсіну, егер қажет болса, оларға сілтеме жасау және биліктің мемлекеттік органдарынан кепілді қорғалуын талап етуге мүмкіндік береді».

Д.М. Баймаханова негізгі құқықтар мен бостандықтардың, олардың түрлі құқық салаларында қарастырылған басқа да құқықтары мен бостандықтарынан маңызды айырмашылықтарын анықтайтын төмендегідей белгілерін анықтайды:

- олар тұлға мен қоғам арасындағы неғұрлым маңызды қоғамдық қатынастар арасында әрекет етеді;

- олар өздерінің қоғамдық-саяси маңыздылығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген;

- олар Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамада бекітілген азаматтарының құқықтары мен бостандықтары үшін шешуші, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәртебесінің негізін құрайды;

- азаматтың еркі бойынша негізгі құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін иелене алмайды және иеліктен шығарыла алмайды. Олар оған тиесілі азаматтығымен иеленіле алады және тек азаматтығынан айырылған жағдайда ғана онымен бірге жоғалуы мүмкін;

- азаматтардың негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттеріне жалпыға бірдейлік тән, яғни олар Қазақстан Республикасының барлық азаматтары үшін тең және бірдей болып табылады;

– олар іске асырудың ерекше тетіктерімен ерекшеленеді, яғни тікелей жүзеге асырылады, белгілі бір саладағы кез келген қарым-қатынас шарты ретінде әрекет етеді, әрбір қатысушының өзара қарым-қатынастарының тұрақты, ажырамас құқығы ретінде әрекет етеді [3, 111 б].

Негізгі жеке құқықтар мен бостандықтардың осы тәрізді сипаттамасымен тұтастай келісе отырып, тек «жалпыға бірдейлік» ретіндегі белгісіне қатысты шағын ескерту жасауға болар еді. Біз пайымдауымызша жалпыға бірдейліктің анықтамасын Қазақстанның барлық азаматтары үшін олардың теңдігі мен бірлігі ретінде ғана емес, біздің еліміздің азаматтығына иелігіне қарамастан, барлық жеке тұлғалар үшін тән деп айтқан дұрысырақ болар еді. Бұл өте маңызды жағдай болып табылады, себебі зерттеудің пәні болып табылатын жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы ұлтына, нәсіліне, мүліктік және әлеуметтік жағдайына қарамастан барлық адамдар үшін бірдей.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының орталық негізін құрайтыны әрқашан заң ғылымдарының назарында екенін атап өткен жөн. Зерттеушілер құқықтардың түрлі анықтамаларын әзірлеген және ұсынған. Алайда олардың барлығымен келісе беруге болмайды.

Ж. Құрманалиева, мысалы, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын «халықаралық қауымдастықпен игерілген, қажетті халықаралық актілерде танылған және бекітілген, әлеуметтік және заңдық негізде қамтамасыз етілген, ажырамайтын және одан ешкім айыра алмайтын белгісі оның жүріс-тұрысын еркін таңдауға мүмкіндік беретін, ешкіммен қандай да бір шектеулер мен тыйымдар салына алмайтын адамның мінез құлқы» деп анықтайды. Бұл анықтаманың нақтылығы бірнеше себептер бойынша күмән туындатады. Біріншіден, құқықтар мен бостандықтар халықаралық актілерде бекітілмеуі де мүмкін, алайда олар ұлттық заңнамаларда көрсетілуі мүмкін. Сонымен қатар, қоғамның

дамуы бірден нормативтік актілерде бекітіле қоймайтын жаңа құқықтардың пайда болуын туындатуы мүмкін. Мысалы, Швейцария Конституциясының мәтінінде жаңа технологиялардың адам және оның қоршаған ортаға әсері 119 «Репродуктивті медицина және адамның тектік инженериясы», 119-а «Трансплантаттық медицина», 120 «Денеден тыс инженерия» деп аталатын баптарында орын алған [4, 294 б]. Яғни белгілі себептерге байланысты осындай нормалар, өзге мемлекеттердің конституциялары қабылдануынан бұрынғы уақыттарында кездеспейді.

Зерттеушінің пікірімен келісуге болмайтын екінші себеп – адамның құқығына үнемі белгілі шектелулердің болуы. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 1-тармағына сәйкес «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» [5].

Құқық пен бостандыққа оларды неғұрлым тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау мақсатында конституциялық шектеу орнатылады, себебі құқық пен бостандыққа адам құқығын қорғау мен қамтамасыз ету және оларға жағдай жасауды өзіне алатын, мемлекеттің белгілі міндеттері үнемі сәйкес келіп отырады.

Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясымен, Азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық пактімен және көптеген басқа да халықаралық келісімдермен мойындалған, адамның іргелі құқығы бола тұра, сөз бостандығы және жиналыс бостандығы сияқты тұлғаның адамгершілігі мен басқа да құндылықтар негізінде жататын жеке өмірге құқығы табылады. Аталған құқық адам мен азаматтың жеке (азаматтық) құқықтары мен бостандықтарының қатарына жатады және жеке, сырластық (интимдік) сипаттағы өзі туралы мәліметтің ашылуына

кедергі келтіре отырып, мемлекетпен берілген және кепілдендірілген жеке тұлғаның мүмкіндігін білдіреді.

Ресей құқықтанушысы И.А. Канинаның айтуы бойынша, жеке өмір – құқықтық және мораль нормаларымен реттелетін, өзі үшін бекіткен адам өмірінің ішкі және сыртқы жақтарын қамтитын, өзге де тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбай мемлекеттің мәжбүрлі күшімен қорғауға жататын адамның тіршілік әрекеті салаларының бірі [6, 9 б].

Кез-келген адам үшін бостандықтың маңызды құрамдас бөлігін тұрақты бақылаудан, өзінің көзқарасын, пікірін, ойын және пайымдауларын сақтау бостандығы, тәуелсіз болу еркіндігі және өз өзімен оңаша болуындағы бостандық құрайды.

«Мемлекет алдында тек азаматтар ғана жауапты болмайды, сондай-ақ мемлекет те азаматтар алдында бостандықтың, жеке тұлғаны және оның жеке өміріне қолсұғылмаушылықты қамтамасыз ету, азаматтардың барлық құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы үшін жауап береді. Құқықтық мемлекетте азаматтарға қатысты үкімет озбырлығына жол берілмейді және жеке тұлғаның құқықтық тұрғыдан қорғалуы қамтамасыз етілген. Жеке тұлға және жеке өмірге қолсұғылмаушылық – құқықтық мемлекеттің ең маңызды ерекшелігі», – деп пайымдайды И.Л. Петрухин [7, 4 б].

Солайша, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда №217 А (III) қабылданған Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясының 12-бабы «әр адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше араласуынан, озбырлық жасап баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғуынан, ар-намысы мен абырой беделіне нұқсан келтіруінен қорғалуға құқығы бар» деп бекіткен [8].

1966 жылғы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» халықаралық пактінің 17-бабына сәйкес, «әрбір адам жеке

және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше, немесе заңсыз араласуынан, өз бетінше немесе заңсыз озбырлық жасап, баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғылуынан, ар-намысы мен абырой-беделіне нұқсан келтірілуінен қорғалуы тиіс.» Одан басқа, бұл баптың келесі мазмұнды екінші тармағы бар: «Әрбір адамның осындай озбырлық пен қолсұғушылықтан заңмен қорғалуына құқығы бар» [9].

И.Р. Диваеваның ойынша, «адамның жеке өмірін адамның өзімен бақыланатын, ең жалпы түрде физикалық және рухани саласы деп анықтауға болады, яғни сыртқы бағыттаушы әсерден, соның ішінде құқықтық реттеуден еркін болып табылады» [10, б. 12].

Мысалы, Л.А. Рамазановтың пайымдауынша, төмендегідей түрлерді ажыратуға болады:

- банк, адвокат, нотариалды және медициналық құпияны, бала асырап алу және тәубе құпиясы сияқты жеке мәліметтерді жинау және өндеуді реттеу кіретін ақпараттық прайвесилер.

- есірткілерді сынау және ішкі мүшелерді зерттеу сияқты бөгде араласулардан адам денесін қорғауға қатысты физикалық прайвесилер.

- коммуникация прайвесіі, бұл пошта хабарламасының, телефон келіссөздерін, электрондық поштаны және басқа байланыс түрлерінің сақталуы мен қолсұқпаушылығын білдіреді.

- баспанаға күштеп кіру, сондай-ақ жұмыс орнына және қоғамдық орындарға басып кіруді шектеуді білдіретін аумақтық прайвесилер [11, 21 б].

Сол сияқты жеке өмірге қолсұғылмаушылықты азаматтық-құқықтық тұрғыдан қарастырған Н.С. Измайлова да өз еңбегінде «жалпы алғанда жеке өмір бақылануға жатпайтын және сырттағы қолсұғушылықтан қорғалатын, жеке, отбасылық және тұрмыстық қатынастарды қамтитын,

бірақ онымен ғана шектелмейтін адам қызметінің саласы ретінде сипаттауға болады» деп тұжырымдайды [12, 16 б].

Әлемнің барлық дерлік елдерінде өз конституцияларында жеке өмірге деген құқықты мойындайды. Кем дегенде, бұл құқық тұрғын үйге қолсұғылмаушылық пен байланыс құпиясын құрайды. Кейбір жаңа, мысалға оңтүстік америка және венгр конституцияларында дербес мәліметтерді алу туралы құқық ескертіледі. Осы құқықтың маңызды кепілдігі жеке және отбасылық өмірге басып кіруді сот қана рұқсат ете алады.

Сонымен бірге, кез келген қолсұғушылықтан жеке өмірді қорғау құқығы халықаралық соттардың шешімдерінде, атап айтқанда адам құқықтарын қорғау бойынша Еуропалық сот прецеденттерінде орын алған. Осыған орай адам құқықтарын қорғау бойынша Еуропалық соттың «жеке өмір» ұғымына төмендегі берген түсіндірмесіне байланысты позициясы көңіл аудартады. Мұнымен қоса төменде көрсетілген бекітілімдердің әр қайсысына аталған соттың шешімдері бар:

- адамның есімі;
- адамның бейнесі (суреті);
- адамның ар-ожданы;
- сексуалдық қалауы мен сексуалдық өмірі;
- тұрғын үйге қолсұғылмаушылық (іздеу және тәркілеу);
- хат-хабар (байланыс) құпиясы;
- кәсіби және іскерлік сипаттағы қызмет, сонымен қатар кәсіби қызметпен айналысуға шек қою;
- қауіпсіздік қызметі және өзге де мемлекеттік органдармен құрастырылатын құжаттамалар немесе мәліметтер;
- медициналық қызмет көрсетулер, психиатриялық қарау және психикалық денсаулықты қоса алғанда тұлғаға физикалық және психологиялық (тұтастық) қолсұғылмаушылық;

- дербес мәліметтерді жинау және өңдеу;
- өзге де салалар.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы 18-бапта орын алды, оған сәйкес «әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, арнамысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар».

Талданатын субъективті құқық өз құрылымы бойынша өзара байланысты екі құқықтылық топтарынан құрылады. Олардың біріншісі өз қызметі бойынша жеке өміріне қолсұғылмаушылықты қорғауды жүзеге асырады, ал екіншісі осы өмірдің құпиясын жүзеге асырады. Олардың әрқайсысын ішкі түрлік бірқатар бөлімшелері бар. Солайша, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты қорғаумен байланысты құқықтылық қатарына тұрғын үйге, жеке қарым-қатынас құралдарына, жеке құжаттамаға қолсұғылмаушылық құқығы жатады (әдебиетте өз бейнесіне құқық атауына ие болды). Екінші топқа жататын құқықтылық қатарына келесілер аталуы мүмкін: дәрігерлік құпияны, бала асырап алу құпиясын, адвокат құпиясы, жинақтауыш кассалар операциясы құпиясын, нотариалды әрекеттердің құпиясын, юрисдикциялық органдар қызметінің құпиясын сақтау (әсіресе, жеке өмір туралы ақпаратқа қатысты).

Л.Ф. Татаринава белгілегендей, «әрбір адамның жеке даралығын ескергенде, оның «жеке өмір» термині туралы өзінше жеке көзқарасы болады. Сондай-ақ бұл көзқарастың пайда болуы нақты адамның психологиялық мінездемесіне және осы немесе өзге де қоғамда болып жатқан белгілі тарихи кезеңнің нормалары мен дәстүрлеріне тәуелді болады. Қорытындылай келе, жеке өмірді адамның өзімен бақыланатын физикалық және рухани сала деп анықтауға болады, яғни сыртқы бағыттауыш әсерден, соның ішінде құқықтық реттеуден (алайда құқықтық қамтамасыз етуі болу керек) еркін болады» [13, 11 б].

Осыған орай, отандық заң шығарушымен нормативтік құқық актілердің біреуінде де жеке өмір, отбасылық құпия, жеке құпия ұғымдарының нақты түсінігі берілмеген және де оларды анықтау үшін ешбір нақты өлшемдер белгіленбеген. Тәжірибеде, әрине, ондай қылмыстық қолсұғушылық объектісінің мұндай белгісіздігі бұл ұғымдарды өз бетінше талқылауға, дәлелсіз шектеуге немесе оның мағынасының кеңеюіне алып келуі мүмкін, ал бұл дегеніміз қылмыстық-құқықтық реттеу шеңберінде қолданылуы мүмкін емес.

Егер жеке өмір ұғымына және оның заң әдебиеттерінде алатын орнына талдау жүргізетін болсақ, зерттеушілер жеке өмір саласына қарым-қатынастың кең шеңберін жатқызатынан атап өту керек.

Г.Б. Романовский жеке өмір құрылымында келесі аспектілеріне назар аударады:

- бейресми қатынасу шеңбері (достар, таныстар және т.б.);

- адамның ішкі жан-дүниесі (оның қылықтары, жеке уайымы, үйдегі әдеті, демалысы, әуесқойлығы, ұнатулары);

- отбасылық байланыстары;

- діни немесе атеистік сенімі;

- еркісіз байланыстары (азамат осы немесе өзге де себептерге байланысты өзінің ақпарат бөлігімен бөлісуге міндетті адамдар шеңберімен қатынасу) [14, 63 б].

Әлбетте, жеке өмірдің мазмұны туралы әр адамның пікірі субъективті және осы себепті түрліше болады. Мұнда отбасылық қарым-қатынастардың ерекшеліктерін де, тым жеке, интимдік байланыстарды және достық қатынастарды, бос уақытында шұғылданатын кәсібін де, діни нанымын да жатқызуға болады.

Қазақстан тарихында діни нанымдары үшін адамдар қуғын-сүргінге ұшыраған кездер болған. Бұған ислам дінін өрістету тарихы, мыңдаған қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалары бар кеңес мемлекетінің ресми саясаты ретіндегі атеизм тарихын жатқызуға болады. Өкінішке орай, бүгінгі

таңда да діни нанымдары бойынша кемсітушілік фактілері кездесіп жатады. Сондықтан, Қазақстан өзін жариялағандай, зайырлы мемлекетте діни сенім бостандығы мен адамның діни өмір құпиясы қағидасы маңызды болып келеді.

К.Х. Рахимбердиннің пайымдауынша, діни наным адамның жеке өмірі саласына жатады және осыған сәйкес ол туралы ақпаратқа өте абай болу керек [15, 271 б].

Жеке өмірге қолсұғылмаушылық пен оның құпиялылығы дін саласында бірқатар нормалардың жиынтығымен қамтамасыз етіледі. Олардың арасынан мыналарды атап өтуге болады:

- адамның жеке, қызметтік құжаттарында оның діни наным туралы ақпаратты көрсетуге тыйым салу;

- тұлғаның келісімінсіз оның діни өмірі туралы ақпараттарды жинауға, таратуға және пайдалануға тыйым салу;

- діни мақсаттардағы жеке қайырымдылықтарының құпиялылығы;

- діни қызметкерлердің және өзгелердің келісімінсіз, олардың құдайға құлшылық ету және діни рәсімдерді жасауы кезінде фото және бейнетүсірілімдер жасауға тыйым салу.

Жеке өмірге қолсұғылмаушылық бұл адамның келісімі мен рұқсатынсыз, оның өміріне араласуға, ерлі-зайыптық, достық, туыстық және өзге де жеке белсенділік құбылыстарын шектеуге ешкімнің құқығы жоқ дегенді білдіреді.

Кейбір зерттеушілер жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы туралы – бұл өмірге бейімді құқықтық құрылымға қарағанда әлеуметтік ұғым және заңмен бекітілген жеке өмірді қорғау, жеке өмір категориясын құқықтыққа айналдырмайды деген ойларын айтқан.

А.Е. Жатқанбаева жеке өмір туралы ақпаратқа қолсұғылмаушылық құқығын қорғау мәселесін талдауға байланысты зерделеген еңбегінде, «личная жизнь» және «частная жизнь» ұғымдарын айыру қажеттілігіне назар

аударарды. Кейбір ғалымдардың, бұл екі ұғым толық синоним деп есептейтініне қарамастан, А.Е. Жатқанбаева «отбасылық өмір», «отбасылық құпия», «әулет құпиясы» сияқы ұғымдар туралы да ұмытуға болмайды деп пайымдайды. Зерттеушілердің ойынша, «личная тайна» «частная тайнаның» құрамдас бөлігі болып табылады және өз кезегінде оның ішіне жеке құпиядан басқа отбасылық құпия да кіреді. «Личная тайна» оның туыстығына, лауазымына, мамандығына және тағы басқалаларынан тәуелсіз бөлек жеке тұлғаның мүддесіне қатысты болып келеді. Отбасылық құпия – бұл нақты отбасының мүддесін құрайтын мәлімет (бір қандас тұлғалар шеңбері), оның ашылуы олардың барлығы үшін жағымсыз салдар алып келуі мүмкін. Оны қорғаудың бөлек аспектілеріне, сондай-ақ республика заңнамасымен кепілдік беріледі [16, 175 б].

Г.С. Сапарғалиеваның ойынша, жеке өмір саласына жеке және отбасылық құпиялар, жеке тұлғаның тіршілік ету кезіндегі жеке және жыныстық жақтарының саласы, қызмет міндеттеріне орындаумен байланысы жоқ адамның тұрмыстық және өзге де қоршаған ортамен қарым-қатынасы жатады [17, 86 б].

О.У. Калабаевтың пікірінше, «өзінің және отбасы құпиялары белгілі мән-жайларға байланысты бір-біріне ұқсас болып келеді немесе керісінше бір-бірінен ерекшеленеді. Өзінің және отбасы құпиялары жеке өмірдің құрамдас бөлігі болып келеді, сондай-ақ жеке өмірдің әлдеқайда шетін, интимдік жақтарымен ерекшеленеді, адамгершілік көзқарас жағынан белгілі мәліметтердің жариялануы жағымсыз ғана болып қоймай, зиянды, залалды болып табылады» [18, 11 б].

Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты адамның рұқсатынсыз және келісімінсіз ешкімнің оның өміріне араласуына, оның ерлі-зайыптылық, достық, туыстық және өзге де жеке белсенділігін көрсетуін шектеуге құқығы жоқ деп түсіндіруге болады.

Арнайы әдебиетте адамның жеке өмірін мемлекетпен байланыстыратын анықтама кездеседі. Мысалы, С.К. Жетписовтің ойынша, бұл адам құқықтарының, сондай-ақ құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам идеяларының пайда болуы мен даму үрдісінде қалыптасатын, мемлекеттің араласуынан еркін, адамның жеке өмірінің саласы [19, 11 б].

Бұл анықтама жеке өмірге араласу тек мемлекет тарапынан ғана болып қоймайтындығын қарастырмағандықтан, біз үшін қисынсыз біржақты көрінеді. Осыған орай «адамның жеке өміріне қолсұғылмаушылық» ұғымын сыртқы араласудан еркін сала ретінде қарастыру керек. Солайша, адамның жеке өмірі бұл бөгделердің араласуына жол берілмейтін, отбасылық, тұрмыстық, жеке, сырлас (интимді) қарым-қатынастары болып саналатын адамның тіршілік әрекеті. Бұл басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу немесе ондай араласудан тыс қалу, оңаша қалу, ойлану мүмкіндігі; тұрғын үй, жеке жазбалар, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, почта, телеграф және өзге де хабарлардың, салымдарының құпиясы.

Мемлекеттің жеке өмірге қолсұқпауын мойындау деген, мемлекет адамның өзінің құндылықтарын, оның өмір салтын, ойын, абыройын және адамгершілігін, беделін және т.б. мойындайтынын білдіреді. Мемлекет жеке өмірге қолсұғылмаушылықты қорғаудың әртүрлі жолдары мен тәсілдерін қолдана алады.

Еуропа елдерінде 25 жылдан астам арнайы құқық институты – дербес мәліметтерді қорғау институты қызмет етеді. Оның мақсаты – жеке мәліметтерді автоматты түрде өңдеу негізінде адамның жеке өмірін қорғау. Соңғы жылдардағы шетел конституциялары, әсіресе, Оңтүстік Африка Республикасы және Венгрия Конституциясы, осы конституциялық заң институтын дербес мәліметтерге рұқсат құқығы ретінде бекітеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында да «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы

21 мамырдағы №94-V Заңы қабылданып, әрекет етуде. Аталған Заңға сәйкес дербес деректер қолжетімділігі бойынша жалпыға бірдей қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі болып бөлінеді.

Жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректер – субъектінің келісімімен еркін қол жеткізуге болатын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпиялылықты сақтау талаптары қолданылмайтын дербес деректер.

Қолжетімділігі шектеулі дербес деректер – Қазақстан Республикасының заңнамасымен қолжетімділік шектелген дербес деректер.

Ілеспелі Заңмен Азаматтық, Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған өзгерістер енгізілді.

Мұндағы ескеретін жағдай, түрлі субъектілермен мұндай мәліметтерді жинау мен өңдеу кезінде дербес мәліметтерді қорғау шаралары бірқатар нормативтік құқықтық актілермен анықталатындығын айта кету қажет.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6-қаңтардағы №380-IV Заңы, сондай-ақ қызметкерлердің дербес деректерін өңдеуге қатысты ережені бекітеді. Соның ішінде, аталған Заңның 42-бабының екінші бөлігі құқық қорғау органында сақталуы тиіс төмендегідей талаптарды орнатады:

1) қызметкердің дербес деректерін жинау және өңдеу қызметкердің құқық қорғау қызметін өткеруіне, оқуына және лауазымдық өсуіне ықпал етуді, қызметкердің жеке басының және оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ оған тиесілі мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, лауазымдық міндеттерін атқару нәтижелерін есепке алу мақсатында жүзеге асырылады;

2) осы Заңға сәйкес қызметкерден алынған дербес деректердің анықтығын тексеру мемлекеттік органдардың қатысуымен жүзеге асырылады;

3) қызметкердің дербес деректерін заңсыз пайдаланудан немесе жоғалтудан қорғау осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен көзделген тәртіппен құқық қорғау органының қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі;

4) заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкердің жазбаша нысанда білдірген келісімінсіз оның дербес деректерін үшінші тарапқа беруге жол берілмейді [20].

Дербес деректерді қорғау мәселелерін нормативтік реттеу қайнар көздерінің көптігі, біздің ойымызша, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығының маңыздылығын тануды куәландырады.

Әлбетте, «дербес деректер» санаты жеке өмір санаты құрылымының құрамдас бөлігінің бірі ғана болып табылады. Алайда, дербес деректердің үлкен дерекқорын сақтауға және оларды лезде жаңғырту мен беруге мүмкіндік беретін қазіргі коммуникациялық мүмкіншіліктерді пайдалану адамның жеке өмірін қорғаумен байланысты құқығына айтарлықтай залал келтіруі мүмкін. Дербес деректерді трансшекаралық беру мүмкіндіктері оларды қорғау мәселелерін ұлттық деңгейде реттеудің жеткіліксіздігін болжайды, сондықтан да дербес деректерді қорғаудың жалпы қағидаларын анықтайтын халықаралық-құқықтық келісімшарттардың болуының маңызы өте зор.

Дербес деректерді халықаралық-құқықтық қорғау саласындағы маңызды құжаттардың бірі болып «Дербес деректерді автоматты түрде өңдеуде жеке тұлғаларды қорғау туралы» 1981 жылғы 28 қаңтардағы Еуропа Кеңесінің №108 Конвенциясы табылады. Конвенция келесілерді белгілейді:

– дербес деректерді қорғаудың негізгі қағидалары;

- дербес деректердің трансұлттық ағындары туралы ереже;
- қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы келісім;
- арнайы тұрақты Консультативтік комитет мекемесі туралы нормалар.

Дербес деректерді өңдеу және қорғаудың негізгі қағидаларын бекіте келе, Еуропа Кеңесінің № 108 Конвенциясы дербес деректерді жинау мен өңдеу кезінде адамның құқықтарын сақтауға, мұндай мәліметтерге қол жеткізу мен сақтау қағидаларын, деректерді физикалық қорғау әдістерін сақтауға кепілдік береді, сонымен қатар тиісті заңды негіздерсіз нәсілі, саяси сенімі, денсаулығы, дін туралы деректерді өңдеуге тыйым салады [21].

Интернет желісінде жеке өмір құпиясын қорғауды қамтамасыз ету мәселелеріне «Сандық дәуірдегі жеке өмірге қолсұғылмаушылық» деп аталатын 2013 жылғы 18 желтоқсандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының бөлек қарары арналған. Аталған құжат «... ғаламтордың жаһандық және ашық сипатын және түрлі нысандардағы даму жолы барысында ілгерлеудің қозғаушы күші ретінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуын таниды» және де «жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қоса алғанда, бұл құқықтар адам офлайн ортасында болса да, онлайн ортасында қорғалғандай қорғалуы тиіс» дегенді қолдайды.

Жеке өмір құпиясы барлық мемлекеттермен танылады және қорғалатындығын мойындамауға болмайды.

Адамның жеке бостандығы мен абыройының міндетті элементі болып, сондай-ақ жеке өмірге құқықтың құрамдас бөлігі ретіндегі тұрғын үйге қолсұғылмаушылық құқығы табылады.

Жеке өмірге бостандық құқығы – бұл жеке тұлғаның «тұратын ортасына» қолсұғылмаушылықты білдіретін оның ерекше тәуелсіздігі. Сонымен қатар, жеке өмірдің құпиясын

теріс пайдаланушылық қоғамға қарсы және құқыққа қайшы сипатқа ие болғанын ескере кету керек. Алайда, бұл жағдайда азаматтың құқыққа қайшы әрекеттерін анықтау мақсатында жеке өмірге араласу, тек заң негізінде және де ол адамды қылмыстық әрекетті жасады деп айыптау үшін, яғни қылмыстық істі қозғау барысында заңмен анықталған дәлелді негізде ғана жүргізіледі. Одан басқа жеке өмірге қолсұғылмауы тиіс.

Жеке өмірге құқық институтына жоғарыда аталып өткен түрлі кепілдіктерден басқа, адамның жеке және отбасылық құпияға құқығы жатады. Яғни жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы кіреді. Жеке өмір құпиясын өзінің бостандық күшін пайдалана отырып, өзгелердің игілігіне айналдырғысы келмейтін адамның жеке өмірінің жағы құрайды. Сонымен бірге, бұл жағдайда құпия деген қандай да бір қоғамға қарсы немесе құқыққа қайшы қызметті жасырмайтынын білдіреді. Ол бөгде көздерден жасырылған, әр адамның жеке сырлас және іскер мүдделерінен тұратын жеке өмірінің болуына табиғи ұмтылысын көрсетеді.

«Құпия» конституциялық термині адамның еркінен тыс, оның жеке ақпаратын заңсыз иемдену мақсатында жеке бостандығы саласына заңсыз және негізсіз енуді болдырмайтындығын білдіреді.

Қазіргі уақытта «құпиямен» бірге кірме сөз «құпия ақпарат» деген термин жиі қолданыла бастады. Ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі мәселесі қарастырылғанда «құпиялық пен тұтастықты бұзу» ұғымы кең қолданылуда. Сонымен қатар тұтастық дегенде мәліметтерді бұзу және өзгертуден қорғау ұйғарылады. Құпиялылық деп ақпаратты оған қатысы жоқ адамдармен пайдалану мүмкіндігінің алдын алу түспалданады. Арнайы әдебиеттерден кейін «Ақпараттандыру туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңнамаларда «құпия» терминімен қатар

«күпиялық» терминінің пайда болуы орынды. Шетел сөздердің қазіргі заманғы сөзідігіне жүгінсек бұл анықтама (латынша *confidensio* – сенім), «сенімгер, жариялауға жатпайтын, күпиялы» дегенді білдіреді.

Осыған орай «күпиялы ақпарат» термині «күпия» сөзі синонимінің бірі деген қорытынды жасай аламыз және екі ұғым өзара бір-бірін алмастыра алады.

Адам үшін керексіз ықтимал ақпараттың көзін жабу үшін дәрігерлер, соттар, тергеушілер, нотариустар білетін адамның жеке өмірі туралы кәсіби күпияны бұзуға заң тыйым салады. Арнайы тәубе күпиясы қорғалады – дін қызметшісі тәубе жасау кезінде өзіне мәлім болған қылмыстық әрекет туралы хабарламағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуға жатпайды.

Заң әдебиетінде жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жеке және отбасылық күпияға құқық кейбір жағдайда жеке қолсұғылмаушылықтың кең құқықтық құрылымның бір бөлігі ретінде қарастырылады. «Жеке қолсұғылмаушылық» моделі өмір сүруге, бостандыққа құқық, жеке және отбасылық күпияға, ар-намысын, игі атағы мен өзге де құқықтарды қорғау идеясы бар, негізгі құқықтар мен бостандықтардың өзара шарттылық пен үздіксіз байланыс идеясын қамтитын табиғи құқықтың маңызды институтынан қаланған.

Мағынасына қарай, жеке қолсұғылмаушылық жеке тұлға мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастың іргелі ережесінен тұратын құқықтық тәртіпті білдіреді. Бұл тәртіп негізсіз қысылу, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандығына қысым жасауды болдырмайды.

Алайда, қазіргі қоғам жеке өмірдің күпиясын теріс пайдаланушылық қоғамға қарсы және құқыққа қайшы сипатқа ие екендігін түсінеді. Азаматтық қоғам, кез-келген тұлғаның құқыққа қайшы әрекеттерін анықтау мақсатында жеке өмірге, тек заң негізінде және де осы адамды қылмыс

жасады деп күдіктенуге немесе айып тағуға заңмен дәлелді негіз болған жағдайда ғана араласу керек екендігін мойындайды. Бұдан басқа, жеке өмір құпиясына қол сұғылмауы тиіс.

Көріп отырғанымыздай, жеке өмір анықтамасын түрлі аспектілерге сүйене отырып беруге болады, бірақ талданып жатқан категорияның сипаттамасын толық қамтитын, бір мағыналы анықтама беру қиынға соғады.

Осының негізінде, біздің пікірімізше жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы – бұл тек қана нақты жеке тұлғаға тиесілі, әлеуметтік маңызды құқықтар мен бостандықтардың жиынтығынан құралған адам және азаматтың көпжақты субъективтік құқығы. Яғни жеке өмір бұл әлеуметтік мәні бар құқықтар мен нақты индивидке тән спецификалық компоненттер кешені.

Солайша «жеке өмір» ұғымын келесідей анықтауға болады деп санаймыз: Конституциямен танылған және кепілдік берілген, тек заңмен қарастырылған жағдайдан басқа, қоғам және мемлекет тарапынан бақылауға жатпайтын адамның тіршілік әрекеті.

2. Жеке өмірдің жекелеген аспектілеріне қолсұғатын өзге де қылмыстарды ажырату

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінде «Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабында көзделген қылмыс құрамымен мазмұны бойынша жақын бірнеше қылмыс құрамдары бар.

Құқық қолдану практикасында ұқсас құрамдардың болуы әрекетті саралаған кезде үнемі белгілі бір қиындықтарды туғызады. Бір қылмыстық әрекетте бір мезгілде екі немесе одан көп нормалармен сипатталған белгілер болатын қылмыстық-құқықтық нормалардың бәсекелестігі жиі туындайды.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабы адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинағаны, сондай-ақ дербес деректерді жинау, өңдеу, сақтау және қорғау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейді. Адамның жеке өмірі туралы осындай мәліметтерді жинаудың аса кең тараған әдістері тыңдау, жеке басының хат алмасуларымен танысу, тұрғынжайға заңсыз кіру болып табылады. Сонымен қатар, мұндай әрекеттер қылмыстық заңнамаға сәйкес «Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 148-бабында, «Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 149-бабында көзделген жекелеген қылмыс құрамдары болып табылады.

Бұдан басқа, отбасы және жеке бастың құпиясын олардың иесі белгілі бір кәсіп өкілдерінен қандай да бір білікті көмек алу қажет болған кезде оларға сеніп айтуы

мүмкін. Мамандықтарға сәйкес, дәрігерлік (медициналық) құпия, адвокаттық құпия, нотариалдық құпия, банктік құпия, журналистік құпия, тәубе құпиясы және т.с.с. кәсіптік құпия түрлерін бөліп көрсетуге болады. Мұндай кәсіптік құпияны бұзу жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзуға әкеп соғады. Алайда белгілі бір кәсіп өкілдерінің әрекеттері көбінесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабы бойынша сараланбайды, арнайы құрамдар бойынша сараланады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 321-бабы «Дәрігерлік құпияны жария ету».

Азаматтың жеке өмірі – бұл оның өмір сүруін қамтамасыз ететін және оны жеке тұлға ретінде сипаттайтын белгілі бір аспектілердің жиынтығы деп санаймыз.

Біріншіден, бұл - адамды басқа адамдардан бөліп көрсететін және ажырататын психологиялық-әлеуметтік объект ретінде жеке адам және биологиялық объект ретінде оның денесі.

Екіншіден, бұл - жақын ортасы ретіндегі оның отбасы.

Үшіншіден, бұл - жеке өзінің кеңістігі, тұрғылықты жері және баспанасы ретіндегі оның тұрғынжайы (тұрақты немесе уақытша).

Төртіншіден, бұл – өмір сүрудің материалдық шарты ретіндегі оның меншігі. Осы негізгі аспектілердің әрқайсысы, өз кезегінде, оларды қосымша сипаттайтын және анықтайтын аспектілерден тұрады. Сөйтіп, қылмыстық-құқықтық қорғау тұрғысынан азаматтың жеке өмірі – бұл оны сәйкестендіру және оның өмір сүруі үшін шешуші маңызға ие аспектілер жиынтығы, олардың негізгілері оның өзі, оның отбасы, тұрғынжайы мен меншігі болып табылады және оның жеке өміріне мемлекет пен қоғам тек заңда белгіленген жағдайларда ғана кіріседі деп анықтама беруге болады.

Жеке өмірдің негізгі аспектілерінің бірі болып Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында бекітілген жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен

сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы табылады. Сәйкесінше, аталған құқықты қамтамасыз етудің кепілдігі ретінде жеке тұлғалардың хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу үшін қылмыстық жауаптылықты бекітетін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 148-бабы табылады. Байланыс құпиясы, тұрғынжай құпиясы сияқты мәнісі бойынша жеке өмірге қолсұғылмаушылық базалық құқығының құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 147, 148-баптарында жеке өмірге, жеке және отбасы құпиясына қолсұғылмаушылық құқығын да, сол сияқты жеке байланыс құпиясына құқықты да бұзуға тыйым сала отырып, құқықтық қорғау объектісін дәлме-дәл Конституциядағындай белгілеп көрсетті.

Бұл қылмыс тек қасақана жасалуы мүмкін. Кінәлі адам бөтен хат-хабарды заңсыз алғанын, онымен танысқанын, бөтен сөйлесулерді тыңдағанын ұғынады және хат жазысу, сөйлесу және т.с.с. құпияларды бұзатын әрекеттерді жасауды қалайды. Қылмыс уәждері әртүрлі болуы мүмкін. Бұл қызыққұмарлық та, қызғану да, кек алу да, пайдакүнемдік те және т.с.с. [22, 188 б].

Қылмыс құрамдарын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147 және 148-баптары бойынша дұрыс ажырату үшін, ең алдымен, жеке бастың хат-хабарлары құпиясының негізгі сипаттамаларын атап көрсетейік.

Біріншіден, хат-хабарлар құпиясын құрайтын мәліметтердің жеке (жеке бас) сипаты болу керек. Бұл факт бір адамның (адамдардың) басқа адамға (адамдарға) жеке ретте беретін фактілер, оқиғалар, құбылыстар туралы мәліметтер хат-хабарлар құпиясының мазмұны болуы мүмкін дегенді білдіреді. Сәйкесінше, заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың хат-хабарларындағы ақпарат,

қорғалатын жеке бас хат-хабарларының құпиясы болып саналмайды.

Сонымен қатар, бір жағынан, жеке тұлға ретінде адамдардың және екінші жағынан, заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың арасындағы хат-хабарлар қарастырылып отырған құпия бола алмайды. Негізінен, әрине, жеке тұлға мен заңды тұлға (мемлекеттік орган) арасында жүзеге асырылатын хат-хабарлардағы құпия мәліметтер заңды тұлғалардың өздерінің және (немесе) мемлекеттік органдардың арасындағы хат-хабарларда да болуы мүмкін. Бірақ мұндай мәліметтер «жеке басының құпиясы» деп атала алмайды, себебі жіберілетін және алынатын жеке бас хат-хабарларының субъектісі тек адамдар болуы мүмкін. Олай болмаған жағдайда, мұндай мәліметтер жеке сипатынан айырылады және кез келген адамның жеке басының, ажырамас құқығы ретінде қорғалатын хат-хабарларды құрай алмайды.

Екіншіден, жеке хат-хабарларға заңды түрдегі рұқсат тек оның тікелей тараптары – жолданым иесі және жөнелтушісі болып табылатын адамдарда ғана болады.

Үшіншіден, жеке бас хат-хабарларының құпиясы болып табылатын мәліметтер жеке тұлғалардың өздерінің арасындағы хат жазысуларында, телефонмен сөйлесулерінде, пошта, телеграф хабарларында және өзге де хабарларында болуы мүмкін. Құпия ақпаратты берудің көрсетілген тәсілдері жанама түрдегі тәсілдер болып табылады – оларды қолданған кезде жеке басқа қатысты ақпаратты беретін немесе осындай ақпаратпен алмасатын жеке тұлғалар бір-бірімен тікелей байланыс жасамайды. Егер мәліметтерді жеке тұлғалар ақпаратты берудің жанама түрдегі тәсілін (құралын) қолданбай, тікелей бір-біріне беретін болса, тап осындай жеке бас хат-хабарлары болмайды.

Сөйтіп, жеке бас хат-хабарларына жеке тұлғалардың ақпаратты берудің кез келген тәсілін қолдану арқылы бір-

біріне жанама түрде беретін құпия сипаттағы, заң жүзінде қорғалатын мәліметтер ретінде анықтама беруге болады.

Заң байланыс құпиясын телефон сөйлесулерінің, телеграф, басқа да хабарлардың, хат-хабарлардың мазмұнына қарамастан қорғайды. М.В. Щебетина дұрыс атап көрсеткендей, аталған норма хабарлардың сипаты мен мазмұнына қарамастан оның құпиясының өзін қорғайды, яғни саралау үшін ондағы мәліметтер тұлғаның жеке басының, отбасының құпиясын құрайды ма, тек жеке басының өміріне қатысты ма, немесе қоғамдық не қызметтік қатынастар саласында таратылады ма маңызды емес [23, б. 549].

Бұл жерде қызық сұрақ туындайды, хат-хабарлардағы ақпарат қылмыстың заты болып табылады ма? Егер біз материалдық әлемнің затын қылмыстың заты деп санасақ, онда жазбаша құжат, компьютерлік диск және т.б. сөзсіз қылмыстың заты болып табылады.

Д.В. Бушков жеке бас хат-хабарларының құпиясын құрайтын сол немесе өзге де құпия ақпарат материалдық тасымалдағышқа түсірілген бе, жоқ па оған қарамастан жасалған әрекет қылмыс ретінде сараланады деп ерекше назар аударады. Осының негізінде, зерттеуші жеке бас хат-хабарларының құпиясын құрайтын мәліметтер (ақпарат) қылмыстың заты анықтаманың жалпы қабылданған мағынасында қылмыстың заты бола алмайды деген қорытынды жасайды [24, б. 50].

Біз жоғарыда келтірілген мысалмен толықтай келісеміз. Қылмыстық қолсұғушылық мәнін анықтау туралы мәселе тек теориялық емес, қолданбалы мағынаға да ие деп ойлаймыз, себебі сабақтас қылмыс құрамдарын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147, 148-баптарында көзделген қылмыс құрамдарын ажыратуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, біздің ойымызша, жеке хат-хабарлар құпиясын бұзу және жеке өмір құпиясын бұзу түріндегі қылмыс құрамдары өзара өте жақын. Іс жүзінде олар өзара

жалпы және жеке, жалпы және арнайы ретінде байланысады. Жеке өмір құпиясы жалпы құқық болса, жеке хат-хабарлар құпиясы арнайы құқық болып табылады. Біздің ойымызша, заң шығарушы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде жеке 148-бапты бөлмеуіне де болар еді.

Шындығында, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 148-бабында қарастырылған іс-әрекет жеке өмір туралы мәліметтерді, не дербес деректерді заңсыз жинаудың құралы бола алады. Оған қоса, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы №419-V Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147 және 148-баптарына енгізілген өзгерістер біздің пікіріміз бойынша, саралау кезінде белгілі киындықтарды туғызып отыр.

Осылайша, мысалы, жеке өмір туралы мәліметтерді заңсыз жинау үшін, жасырын ақпаратты алуға арналған арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, телефонмен сөйлесу құпиясын заңсыз бұзған жағдайда тұлғаның іс-әрекетін қалай саралаймыз? Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабының үшінші бөлігі бойынша ма, әлде 148-баптың екінші бөлігі бойынша ма?

Бұл құрамдардың ұқсастығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабының үшінші бөлігінің және 148-баптың екінші бөлігінің қылмыстық-құқықтық санкцияларының сәйкестігімен расталады. Ерекшелігі болып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабының үшінші бөлігінің санкциясымен салыстырғанда айырмашылығы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 148-бабы екінші бөлігінің санкциясында міндетті қосымша жазаның түрі ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру қарастырылған. Ал

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабының үшінші бөлігінің санкциясында аталған жаза факультативті қосымша жазаның түрі ретінде қарастырылған.

Біз аталаған жағдайдан шығудың жолы ретінде, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 148-бабын төмендегідей үшінші бөлікпен толықтырған орынды деп санаймыз:

«Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген, адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау, не адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру мақсатында жасаған іс-әрекеттер – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Коммуникативтік үдерістің мазмұнын мемлекеттік, банктік, коммерциялық құпия және басқа да құпия түрлері, оның ішінде адамның жеке өмірі туралы құпия ақпарат құрауы мүмкін. Байланыс құпиясын бұзудан тұратын әрекеттің өзі жоғары қоғамдық қауіптілік болып табылады.

Қазақстандық зерттеуші С.Б. Бимбетов ірі компанияларда телефон сөйлесулерінің құпиясын қамтамасыз ету проблемасының өзектілігіне назар аударған. Ол былай деп жазады: «Егер қызметтік мобильдік телефон қызметкерге қолдану үшін берілсе, жұмыс беруші оны қолдану ережелерін белгілеуге мүдделі болады, яғни не төлем лимитін белгілей алады, не халықаралық қоңырауларды шектей алады. Мұның барлығы жұмыскерлер қол қойып танысуы тиіс ережелерде және нұсқаулықтарда бекітілуі керек. Осы ережелерді орындау үшін жұмыс беруші байланыс операторынан: бірінші жағдайда – барлық қоңыраулардың құны туралы мәліметтерді, ал екінші жағдайда – қоңырау шақыруларының тізімін алуға құқылы.

Бұл ретте телефон сөйлесулерінің құпиясын бұзуға, яғни олардың мазмұнын білуге мүлдем болмайды» [25, б. 406].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 25-бабы тұрғын үйге қолсұғылмаушылықты бекітеді. Мұның мазмұны, кез келген жеке тұлға тұрғын үйге қолсұғылмаушылық конституциялық құқығына ие екендігін білдіреді. Л.Ш. Авхадеева өзінің диссертациялық зерттеуінде дұрыс анықтағандай, тұрғын үйге қолсұғылмаушылық конституциялық құқығына, «тұлғаның тұрғын жайда уақытша немесе тұрақты тұру, тұрмауына қарамастан лауазымды тұлғалар тарапынан оған кез келген заңсыз кіруден мемлекеттік қорғауға тұрғын үйге заңды негіздерде ие болатын әрбір адам және азаматтың құқығын көрсететін белгілі бір әлеуметтік игілік» жатады [26].

«Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».

«Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы азаматтардың тұрғынжайына олардың еркінен тыс кірудің мынадай заңды мүмкіндіктерін қарастырады:

- 1) күтпеген төтенше жағдайларда;
- 2) құқықтық тәртіпті қорғауда.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше жағдай кезінде егер ол адамдар өмірін құтқару, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мақсатында тұрғынжайға кіру заңды болып табылады [27].

Құқықтық тәртіпті қорғау кезінде қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істері бойынша, сот шешімдерін орындау үшін тұрғынжайға кіру заңды болып табылады.

Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық құқығына оның меншік иелері, тұрғынжайды жалдау (жалға алу) шарты бойынша тұрып жатқан немесе заңды жалға алушылары ие

болады. Заң шығарушы адамның уақытша тұратын жерін, соның ішінде жатақхананың бөлмесін де тұрғын үй ретінде танитынын атап өту керек. Осылайша, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94-І Заңының 2-бабының 28-тармақшасы келесідей анықтама береді: «тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық, техникалық және басқа да міндетті талаптарға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (дара тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме)» [28].

Алайда, біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 7-бабының 49-тармағында «тұрғынжай – бір немесе бірнеше адамның уақытша немесе тұрақты тұруына арналған үй-жай немесе құрылыс, оның ішінде: меншікті немесе жалға алынған пәтер, үй, саяжай үйі, мейманхана нөмірі, каюта, купе; көппәтерлі тұрғын үйді қоспағанда, оларға тікелей жалғасатын верандалар, террасалар, галереялар, балкондар, мансардалық құрылыстар, тұрғын құрылысының жертөлесі және шатыры, сондай-ақ өзен немесе теңіз кемесі және басқалар» деп тұрғынжайға берілген анықтама тиімдірек.

Тұрғынжайға заңсыз жүргізілген тінтуді немесе алуды ғана емес, сонымен қатар онда тұрып жатқан адамдардың келісімінсіз заңсыз кіруді, қоныстандыруды, шығаруды да тұрғынжайға қолсұғылмаушылық құқығын бұзу деп санауға болады. Бұл жағдайда, қылмыстық заң нормасын нақтырақ түсіндіру үшін өз уақытында «басып кіру» терминінің орнына «кіру» терминін қарастырған Л.Ш. Авхадееваның пікірімен келіскен дұрыс деп санаймыз. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты да тұрғын үйге, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға кіруді кіру ұғымымен түсіндіреді.

Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық бойынша бұзылған құқықты қалпына келтіру мақсатында адам үй-жайдан

кетуді; заңсыз кіруге байланысты зиянды өтеуді; адамдар заңды негізде тұрып жатқан тұрғын үй-жайды беру туралы шартты әрекетсіз деп тануды талап ете алады. Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық құқығы бұзылған адамның моральдық зиянды өтеуді талап ету мүмкіндігі болу керек деп ойлаймыз. Тұрғынжайға заңсыз кірген жағдайда моральдық зиян кемсіту, қорқыныш және т.б. түрде болуы мүмкін.

Осылайша, тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұза отырып, адам бірден екі шығын жасайды, екі бағытта зиян келтіреді:

–біріншіден, жәбірленушінің тұрғынжайына басып кіре отырып, онда тұратын адамдардың өмірінің маңызды, тіпті ең басты бөлігін құрайтын нәрсенің заңсыз түрде шегінен асып, ең интимдік, сырлы, жеке басына қатысты жағдайларды ашуы мүмкін;

–екіншіден, құқық бұзушылық субъектісі үйге кірген сәттен бастап оның жағдайынан, заттарынан, ерекшеліктерінен көрінетін осы тұрғынжай иелерінің жеке басының өмірі туралы ақпаратқа ие болады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабы жеке өмірге қолсұғылмаушылықтың ақпараттық аспектісін, яғни адамның жеке басының немесе отбасы құпиясын құрайтын жеке өмірі туралы мәліметтерді қорғайды, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 149-бабы әлеуметтік игілік, адамның заңды мүддесі ретінде тұрғынжайдың өзін қорғайды. Сөйтіп, қарастырылып отырған қылмыс құрамдарының негізгі айырмашылығы дәл сол қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі болып табылады.

Қарастырылып отырған нормалар әртүрлі әлеуметтік игіліктерді қорғайтындықтан тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу туралы норманы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабында бекітілген нормаға қатысты арнайы норма ретінде зерттеу негізінен дұрыс болмайды.

Осының негізінде тұрғынжайға басып кіріп, сонымен бірге жеке өмір туралы ақпаратты жинаған жағдайда саралау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 149 және 147-баптарының жиынтығы бойынша жүргізілуі керек.

Алайда әрбір тұрғынжайға басып кіру жағдайы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабы бойынша қосымша саралауды қажет етпейтінін ескеру керек. Практикада адам бөтен үйге басып кіре отырып, онда тұратын адамдар туралы дербес ақпаратты жинауды мақсат етіп қоймайтын жағдайлар болуы мүмкін. Адамның бөтен біреудің тұрғынжайынан бірдеңе алу, өз затын алу мақсатында, құқық бұзушылық (балағаттау, төбелесу, озбырлық) жасау үшін өздігінен бөтен тұрғынжайдың шегінен асып өтетін әрекеттері осыған мысал бола алады. Басқаша айтқанда, тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзған адамның әрекеттері егер мұндай әрекет тұрғынжайдың ішінде бар дербес құпия ақпаратты жинау және тарату мақсатында жасалса, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты қылмыстық бұзу құрамының барлық басқа да міндетті белгілері болған кезде ғана 149 және 147-баптардың жиынтығы бойынша сараланады. Оның үстіне бұл мақсат мұндай басып кірудің алдында болуы мүмкін, сол сияқты жәбірленушінің тұрғынжайының аумағына кіргеннен кейін де туындауы мүмкін.

Жеке үйге басып кіру өзге де қылмыстарды – ұрлық, тонау, қарақшылық және т.б. жүзеге асыру мақсатында да жасалуы мүмкін. Егер мұндай құрамдарда тұрғынжайға кіру саралаушы белгі ретінде көзделмеген болса, онда мұндай іс-әрекет бір мезгілде бірнеше қылмыстардың жиынтығы бойынша сараланып және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 149-бабы бойынша қосымша саралауды қажет етеді.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамада бірнеше құрам бар, оларға сәйкес жеке өмірге қолсұғылмаушылық кәсіптік құпияларды жария ету арқылы бұзылуы мүмкін.

Кәсіптік құпиялардың негізгі белгілері ресейлік зерттеуші Е.А. Филимонова мейлінше толық көрсеткен: Яғни:

- мемлекеттік құпияға жатқызылған мәліметтер кәсіптік құпиялардың объектісі болып табылмайды;

- кәсіптік құпияны құрайтын мәліметтер белгілі бір кәсіп өкілінің өз кәсіптік міндеттерін орындауына байланысты оған ерікті түрде берілді (сеніп тапсырылды) немесе өзге де заңды негізде мәлім болды;

- осындай құпия ақпаратты алған тиісті кәсіп өкілі мемлекеттік қызметте жұмыс істемейді;

- осы құпия ақпарат үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан шын мәнісінде немесе ықтимал құндылыққа ие;

- кәсіптік құпияны қолданушы оған берілген немесе мәлім болған мәліметтердің (құжаттардың) құқықтық режимін оларды қорғаудың заңды әдістері мен құралдарын қолдану арқылы сақтауға міндетті;

- субъектінің құпия ақпараттың кәсіптік құпиясын таратуына тыйым салу заң жүзінде белгіленген;

- кәсіптік құпияны құрайтын мәліметтердің құпиялылығын сақтау мерзімі шектеле алмайды;

- кәсіптік құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз жария ету ақпараттың меншік иесінің, яғни білікті көмекке жүгінген адамның құқықтары мен мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін [29, 151 б].

Кәсіптік құпиялар түрлерінің біріне бала асырап алу құпиясын жатқызуга болады. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі 102-бабының бірінші бөлігіне сәйкес «бала асырап алу құпиясы заңмен қорғалады».

Мемлекет отбасының қалыпты өмір сүруі, асырап алынған баланың әл-ауқат жағдайының қалыпты дамуы үшін бала асырап алу құпиясын қорғауға кепілдік береді. Сонымен

бірге, бұл кепілдік тек балаға емес, асырып алушыларға да таралады.

Бала асырап алу құпиясын жариялау асырап алушысы оның мүшесі болып табылатын құрылған отбасының ыдырау қауіпіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты, заң шығарушымен бала асырап алу құпиясын қамтамасыз етуге шақыратын бірқатар ережелер бекітілген. Осылайша, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексінің 98, 99-баптарында тиісті құжаттарда асырап алынған баланың туған күні, айы, жылын өзгерту, туу туралы актілер жазбалары кітабына оларды өздері асырап алған баланың ата-аналары ретінде жазу туралы мүмкіндігі қарастырылған. Егер бұл баланың мүдделеріне қайшы келмесе, асырап алынған балаға бала асырап алушының өтініші бойынша бала асырап алушының тегі, сондай-ақ ол көрсеткен аты беріледі (Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі 7-б. 2-б.).

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес сот баланы асырап алу туралы істерді жабық сот отырысында қарайды. «Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 31 наурыздағы №2 Нормативтік қаулысының 15-тармағында мұндай істер бойынша сот шешімін жариялауды қоса алғанда жабық сот отырысында қарайтындығын түсіндіреді. Сонымен бірге, «Сот істі сот отырысында қарауға қатысып отырған адамдарға оларға арызды қарау барысында белгілі болған мәліметтерді жарияламау туралы және асырап алудың құпиясын жария еткені үшін оларды қылмыстық жауаптылыққа тартудың мүмкін екендігін ескертуге тиіс, бұл туралы сот отырысының хаттамасында не қысқаша хаттамада жазбаша және сот отырысының аудиожазбасында көрсетілуге тиіс»

Осы жерде аталған санаттағы істерді жабық сот отырысында қарау бөлігіндегі заң шығарушының кейбір тиянақсыздығын ескере кеткіміз келеді. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 314-бабының үшінші азат жолындағы нақты түсіндірмеге сүйенсек, мұндай істер жабық сот отырысында қаралуға міндетті. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 19-бабының екінші бөлігінде бала асырап алу бойынша істер адамның өтінішхаты бойынша жабық сот отырысында азаматтық іс қаралуы және шешілуі мүмкін екені айтылған. Бұл жағдайда, біздің көзқарасымыз бойынша, бала асырап алу фактісін құпияда ұстауды қажет деп санамайтын асырып алушының құқығы бұзылады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 314-бабының үшінші азат жолында «істерді» деген сөзден кейін «іске қатысатын адамның өтінішхаты бойынша» деп толықтыруды ұсынамыз.

Бала асырап алу құпиясын жария етуде елеулі зиян тек отбасына ғана келіп қоймай, сонымен қатар балаға психикалық зақым келтіріп, осылай оның денсаулығы мен қалыпты дамуына қауіп төндіретін үлкен моральдық күйзеліске ұшыратуы мүмкін. Сәйкесінше, аталған қылмыстың объектісі болып отбасының өзі және кәмелетке толмаған тұлғаның дұрыс дамуы мен қалыптасу жағдайлары табылады. Осыған сүйене отырып, біздің көзқарасымыз бойынша заң шығарушы бала асырап алу құпиясын жария еткені үшін қылмыстық жауаптылықтың орнын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 2-тарауында өте әділ бекіткен. Әйтсе де, мұнда жеке және отбасы құпиясына қолсұғылмаушылықты бұзу да бар.

Бұл қылмыстық іс-әрекет жеке бастың және отбасы құпиясын құрайтын мәліметтердің құпиялылығын бұзудың ықтимал тәсілдерінің бірі болып табылады. Сөйтіп,

Қылмыстық кодексінің 138-бабының құрамы дәл осы отбасы құпиясын, оның нақты түрін, отбасының ішкі қарым-қатынастарын және отбасының қоғамда қалыпты өмір сүруін қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабында көзделген құрамға қатысты арнайы болып табылады деп болжаған дұрыс болар еді. Мұнымен қоса, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабында көзделген қылмыс құрамының 147-баптағы құраммен салыстырғанда, негізгі объектісінің белгісі бойынша ғана емес, қылмыстың объективтік, субъективтік жақтары, субъектісі бойынша өзінің ерекшеліктері мен айырмашылығы бар.

Ең алдымен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабы тек бала асырап алу құпиясын құрайтын ақпаратты жария еткені үшін ғана жауапкершілікті көздейді. Ал мұндай мәліметтерді жинау тек Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабы бойынша сараланады.

Адам бала асырап алу құпиясын құрайтын мәліметтерді жинағаны және таратқаны үшін кінәлі деп танылған жағдайларда оның әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабының екінші бөлігі (осындай деректерді жинағаны үшін) және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабының (оларды таратқаны үшін) жиынтығы бойынша сараланады. Сонымен, адамның әрекеттерінде екі дербес қылмыстың белгілері орын алады.

Балап асырып алумен байланысты жеке және отбасы сипатындағы мәліметтерді тарату кезінде нормалардың бәсекелестігі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабы мен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабының төртінші бөлігінде туындауы мүмкін.

Заң шығарушының бала асырап алу құпиясын жария ету түріндегі іс-әрекет үшін жауаптылығын бекітетін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабын дербес бөліп шығаруы, жеке және отбасы құпияларын

құрайтын өзге де мәліметтерді жариялаумен салыстырғанда оның тағы да ерекше жоғары қоғамға қауіптілігін көрсетеді. Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабында қарастырылған қылмыс құрамы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабының төртінші бөлігіндегі қылмыс құрамына қатысты арнайы болып табылатынын айтуға болады.

Алайда, бала асырап алу құпиясын жария еткені үшін жауаптылық бойынша норманың санкциясын құрастырғанда заң шығарушы аталған іс-әрекеттің қоғамдық қауіптілігінің дәрежесі мен сипатын толық көлемде ескермеген және әлдеқайда жұмсақ жаза (айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу) қарастырған. Жалпы арнайы норманың пайда болуының өзі қылмыстың жалпы құрамымен қарастырылған іс-әрекетке қатысты белгілі объективтік мән-жайлармен, іс-әрекеттің жоғары қауіптілік дәрежесінің маңыздылығын баса айтумен шарттастырылған (бұл жағдайда жеке құпияға ғана қолсұғатын емес, отбасы үшін, жалпы отбасында баланың дұрыс тәрбиеленуі үшін қауіп төндіретін іс-әрекет). Және осы мағынада Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабының санкциясы онда көзделген құрамға қатысты құқық бұзушылыққа қылмыстық-құқықтық әсер етудің ақылған қонымсыз шарасы болып табылады. Мұндай жағдай қолайлы емес және түзетілуі тиіс.

Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабында қарастырылған қылмыстың субъективтік жағы бойынша, біз мұның алдына ескеріп кеткендей, өзіне тән ерекшелігі бар. Осылайша, егер қызметтік немесе кәсіби қызметпен байланысты бала асырап алу фактісі ашылғандағы тұлғаның іс-әрекеті кез келген негізде дәлелденуі мүмкін болса, ал аталған санаттардың екеуіне де жатпайтын тұлғалармен бала асырып алу фактісі жарияланған жағдайда қылмыс құрамы тек олардың пайдакүнемдік немесе өзге де ұждансыз пиғылмен әрекет еткен кезінде ғана болады. Мысалы, өзге де

арам пиғылмен «сату» кезінде, қорқытып алуда бопсалаудың құралы ретінде пайдалану, сонымен қатар кек алу, іштарлық және т.б.

Осы жағдайда заң шығарушының ұстанымы түсінікті, себебі пайдакүнемдік немесе өзге де ұждансыз пиғылмен жасалған қылмыс, өзге де ниетпен жасалған іс-әрекеттерге қарағанда қоғамдық жоғары қауіптілікке ие.

Асырап алушының еркіне қарамастан өзге де жамандық ниетпен бала асырып алу құпиясын жариялаған адамның әрекетін, бұл жағдайда жеке және отбасы құпиясына қолсұғылмаушылық бұзылған жайғдайды ескергенде қалай саралау жайлы мәселе ашық болып қала береді.

Біз жоғарыда ескеріп кеткендей, бала асырап алу құпиясын жариялауда кінәлі адам шын мәнінде, отбасы және балалардың ерекше мәртебесін ескергенде отбасы құпиясының біріне қол сұғады. Сәйкесінше мұндай іс-әрекетті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 138-бабының санкциясына түзетулер енгізу шартымен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 147-бабының үшінші бөлігі бойынша саралауға болады деп болжай аламыз.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабында қарастырылған қылмыс субъектілерінің адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді тарату (Қазақстан Республикасы ҚК 147-б. 4-б.) субъектілеріне қарағанда ерекшелігі бар. Осылайша, олар екі топқа бөлінеді. Біріншісіне арнайы субъектілер жатады – бала асырып алу фактісі қызметтік немесе кәсіби қызметіне байланысты белгілі болған тұлғалар. Екінші топқа бала асырып алу фактісі туралы хабардар он алты жасқа толған барлық өзге де тұлғалар (жалпы субъект) жатады. Оның ішінде өзге де тұлғаларға, егер ерлі-зайыптының біреуі басқа жұбайының еркінен тыс әрекет етсе ерлі-зайыптылардың біреуі жатуы мүмкін.

Егер баланы ерлі-зайыптының екеуі асырап алған жағдайда, бала асырап алу құпиясын жария етуге олардың біреуінің ғана келісімін алу тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босатпайды. Мұндағы асырып алушының еркі деп ерлі-зайыптылардың бірлескен ұмтылысы, тілегі, баланың отбасында пайда болу мән-жайларын құпияда ұстау талабын түсінеміз.

Асырап алынған тұлғаға асырып алу фактісі белгілі болған жағдайда бала асырып алу құпиясын бұзған тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды. Шындығында бұл әрекеттердің қоғамға қауіптілік сипаты егер ол оған мәлім болмаса, асырап алынған тұлғаға жеткізу фактісінде ғана емес, сондай-ақ оны өзге, оның ішінде асырап алушылар отбасымен қарым-қатынастағы тұлғалар арасында жариялаумен байланысты.

Заң шығарушы бала асырап алу құпиясын сақтау міндеті жүктелген адамдар шеңберін «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексінің 102-бабының екінші бөлігінде анықтаған. Бұл: ата-аналары, туыстары, баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асырған ұйымдардың және (немесе) бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, бала асырап алу туралы шешім шығарған судьялар, сондай-ақ бала асырап алу туралы өзгедей түрде хабардар болған басқа да адамдар [30]

Медициналық ғылым мен техниканың дамуы, биотехнологиялардың, гендік инженерияның пайда болуы да қылмыстық заңнаманың тиісті дамуымен қатар жүруі тиіс. Мысалы, Н.А. Айкумбеков өзінің жұмысында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 135-бабына (2014 жылғы қолданыстағы Қазақстан Республикасы ҚК бойынша – 138-бап) «баланың биологиялық тегі құпиясын жария еткені үшін қылмыстық жауаптылық пайда болуды

қарастыратын аталған қылмыстың артықшылықты құрамын енгізуді ұсынады:

– баптың атауын «Бала асырап алу немесе генетикалық шығу тегінің құпиясын жария ету» деп өзгерту;

– келесідей мазмұндағы екінші бөлікпен толықтыруды: «Қосымша репродуктивтік технологияларды қолдану (генетикалық шығу тегі) фактісін қызметтік немесе кәсіптік құпия ретінде сақтауға міндетті адамның не пайдакүнемдік немесе өзге де ниеттермен басқа адамның шарттың тараптарының еркіне қарамастан қосымша репродуктивтік технологияларды қолдану (генетикалық шығу тегі) құпиясын жария етуі, – ... жазаланады» [31, 98 б].

Тұлғаның жеке өмірі саласына заңсыз араласу көбінесе дәрігерлік құпияны бұзумен болып жатады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV Кодексінің 95-бабының бірінші бөлігінде заң шығарушы дәрігерлік құпияны «медициналық көмекке жүгіну фактісі, азаматтың денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат пен оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер» құрайды деп бекіткен.

Бұл жерде жеке бастың мәліметтерін жария етпеудің өзі маңызды құқықтық міндеттеме және денсаулыққа құқықты қамтамасыз ету элементтерінің бірі болып табылатынын атап өткіміз келеді. Мысалы, жеке бастың деректеріне қолсұғылмаушылықты сыйламау жағымсыз таңба салумен бірге АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдардың әлеуметтік оқшаулауын күшейте түседі. Кейде мұндай талаптар заңға сәйкес актілер деңгейінде бекітіледі. Мысалы, ықтиярхатты немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін шетелдік азаматтар (оның ішінде Қазақстанда туған, бұрын тұрған және Қазақстанда жақын туыстары бар адамдар) құжаттар тізбесіне сәйкес АҚТҚ инфекциясына сертификат

көрсетуі тиіс. АҚТҚ және ЖҚТБ ауруы болған жағдайда ықтиярхат және азаматтық берілмейді.

Тіпті тұрақты тұрғылықты жері жоқ және АҚТҚ-мен ауыратын, Қазақстан Республикасының жеке куәлігін жоғалтқан адамдарға жеке басын куәландыратын құжатты қалпына келтіру мүмкін емес, себебі мұндай ауруы бар адамдарды нақты тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған оңалту бейімдеу орталықтарына алмайды. АҚТҚ/ЖҚТБ ауруларына шалдыққан адамдарға медициналық көмек көрсетуден, жұмысқа қабылдаудан, тіркелуден бас тартылады.

Медициналық және фармацевтикалық қызметтің дамуының қазіргі уақыттағы жай-күйі қарама-қайшы үрдістермен сипатталады. Басқару қызметін оңтайландырумен, нарықтық экономиканың талаптарына барабар бірқатар өзге де проблемаларды шешумен қатар азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нормативтік-құқықтық бақылаудың экономикалық өзгерістермен салыстырғандағы нашарлығынан және одан артта қалуынан көрінетін жағымсыз құбылыстар байқалады. Қалыптасқан жағдайда заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызметке қарсы күрес маңызды орын алады. Ол шешетін мәселелер шеңбері өзінің қоғамдық қауіптілігіне және едәуір кең таралуына байланысты жеке адамның, мемлекеттің және қоғамның мүдделерін қозғайтын қылмыстылыққа қарсы әрекет етудің тиімділігімен және нәтижелілігімен тығыз байланысты.

Істің мәнісі бойынша, қатарына заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет үшін жауапкершілікті көздейтін қылмыстық заңнама енетін азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігі осыған байланысты пайда болатын қайшылықтардың өсу үрдісінен туындайды. Медициналық және фармацевтикалық қызмет субъектілерінің құқықтық жағдайы, олардың өкілеттіктері, құқықтары мен

міндеттерінің көлемі жеткіліксіз реттелгендіктен заңнама нормаларын қолданған кезде мәселелер туындап жатады. Бұл ретте медициналық және фармацевтикалық қызмет отандық заңнаманың кей кездері бір-біріне қайшы келетін немесе бір-бірін қайталайтын көптеген нормативтік құқықтық актілеріндегі нормалардың кең ауқымымен анықталады. Заңнама жүйесінің құрылымында медициналық және фармацевтикалық қызметті реттейтін және бақылайтын нормалардың шикілігіне байланысты бірқатар қарама-қайшылықтар бар.

Дегенмен, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің 12-тарауындағы құқық бұзушылықтар әртүрлі бағадағы ой-пікірлер мен ұсыныстарды тудыруда, яғни ескі Қылмыстық кодексте бұл қылмыстар тектік объектісіне сәйкес әртүрлі тарауларда болған. Мысал ретінде заңгер С. Буранбаеваның пікірін келтірсек, «Дәрігерлік құпияны жария ету» ескі Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің 3-тарауында болған, тектік объектісі болып Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке конституциялық құқығы мен бостандықтарын реттейтін қоғамдық қатынас танылған. Бұл жерде емделуші азаматтардың құқықтары құпия (анонимді) емделуді талап ететін, жеке өмірге қолсұғылмаушылық қағидасын негіздей отырып, қылмыстық заңмен қорғалған.

Осы себептердің барлығы Қазақстан Республикасы жаңа Қылмыстық кодексінде алғаш рет медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтарға арналған бөлек тарауды бөліп шығаруға септігін тигізді. Дәрігерлік құпияны бұзу туралы норма «Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-тарауына емес, жоғарыда атап кеткен жаңа тарауға жатады.

Талданып отырған норманың бөлігінде Г.Р. Рустемова «медициналық құпия» туралы айтқан дұрыстау болар еді деп санайды, себебі егер емдеу мекемесінде көмек көрсетілген

болса, онда құпияны қамтамасыз ету міндеті осы мекемеге жүктеледі, ал емдеу мекемесінен тыс (көшеде, қоғамдық көлікте, үйде) көмекті дәрігер ғана емес, өзге де медициналық қызметкер көрсетуі мүмкін.

Бұл ретте профессор Г.Р. Рустемованың пікірінше, медициналық құпияның мазмұнына төмендегідей мәліметтер кіреді:

1) медициналық көмекке жүгіну фактісінің өзі туралы (диагноз, аурудың барысы, болжам);

2) ауру туралы;

3) қолданылатын емдеу әдістері мен олардың тиімділігі туралы;

4) көмекке жүгінген адам – оның өткені, әдеттері, бейімділіктері, тәндік және психикалық жетіспеушіліктері, интимдік байланыстары және т.б. туралы;

5) науқастың отбасы және үйдегі тұрмыс салты туралы;

6) тегіндегі тұқым қуалаушылық туралы деректер және т.б.

Сәйкесінше, бұл мәліметтерді екі топқа бөлуге болады:

а) медициналық деректер;

б) медициналық міндеттерді атқару үдерісінде алынған науқастың жеке басының өмірі туралы ақпарат [32, б. 243].

Қазіргі уақытта медицинада компьютерлік технология кеңінен қолданылатыны бәрімізге мәлім. Сондықтан емделуші туралы ақпараттың шығып кету мүмкіндігі жоғары қоғамдық қауіптілікті көрсетеді. Осыған байланысты «қазіргі ақпараттық-есептеу жүйелерінде ашық проблемалардың бірі болып жалпы компьютер желілерінде және медицинада мәліметтерді қорғау табылады». Бұл жағдайда ақпараттарды қорғауды қамтамасыз ету үшін тұрақты негізде құқықтық, техникалық, басқарушылық сипаттағы кешенді шараларды жүргізу қажет.

Банктік және коммерциялық құпияға қол сұғатын әрекеттерді саралау проблемаларына ерекше тоқтала кету керек сияқты. Қазақстан Республикасы Қылмыстық

кодексіне сәйкес «Коммерциялық, банктік құпияны құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ мүлікті жария етумен байланысты ақпаратты заңсыз алу және жария ету» 223-бап бойынша сараланады.

Қылмыстық кодекстің «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 8-тарауында бір уақытта қызметтік құпия да болып табылатын құпия ақпараттың аталған түрлеріне қолсұғылмаушылықты бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген, сондай-ақ ең алдымен, экономиканың қалыпты жұмыс жасау мүдделерін, экономикалық қызмет субъектілерінің өзара әрекет етуін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстандық заңнаманың нормалары банктік, коммерциялық құпия ретінде қорғайтын барлық мәліметтер жеке өмірдің құпиясы бола бермейді, тек оның бір бөлігі болып табылады. Осы жағдайда жеке өмір құпиясы Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында кепілдік берілген адамның жеке салымдары мен жинаған қаражаты болуы мүмкін.

Сондықтан банктік құпия немесе коммерциялық құпия жеке өмір құпиясының, дербес сипаттағы ақпараттың бір түрі болып табылады деп айтуға болмайды. Банктік (коммерциялық) құпияны құрайтын мәліметтерді қылмыстық жинаудың субъективтік жағының міндетті белгісі - кейіннен оны жария етудің немесе осы мәліметтерді заңсыз қолданудың мақсаты болып табылады. Егер адам банктік (коммерциялық) құпияны құрайтын дербес ақпаратты жинаған кезде мұндай мақсатты көздеме, мысалы, бұл ақпаратты жеке өзінің мүдделерін қорғау үшін қолдануды ғана мақсат етсе, мұндай әрекеттер жеке өмірдің құпиясын құрайтын мәліметтерді жинағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 147-бабы бойынша ғана саралануы тиіс.

Адамның жеке өмірі туралы нақты мәліметтерді хабарлау арқылы қылмыстық-құқықтық ретте қудаланатын мұндай ақпаратты қолдану тәсілдерінің барлығы жоққа

шығарылмайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 130-бабы жала жабу - басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер таратқаны үшін жауапкершілік туралы нормадан тұрады. Сонымен, отандық заңнама адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін дербес ақпаратты жария етуден тұратын қылмыстық әрекеттерді осы ақпараттың жалғандығы немесе керісінше, шындығы белгісі бойынша ажыратады.

Шетелдердің деликттік құқығы, әдетте, мұндай ажырату жасамайды, жалпы қандай да бір адам туралы нұқсан келтіретін мәліметтерді таратқаны үшін жауапкершілік шарасын көздейді, бұл деликті диффамация (латын тілінен *diffamo* – жаман ақпаратты жария ету, даттау, жаман хабар тарату) ретінде белгілейді.

А.М. Ульяновченко жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзуды қорлаудан ажырату өлшемдерін қарастыра отырып, мынаны ескереді: «Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту кезінде міндетті белгі мәліметтерді, оның ішінде нұқсан келтіретін мәліметтерді жәбірленушінің өзінен бөлек басқа да адамдарға хабарлау фактісі болып табылады. Қорлау жәбірленушіге онымен оңаша қалғанда да келтірілуі мүмкін. Алайда егер біреу көпшілік алдындағы сөзінде басқа адамның жеке өмірі туралы ақпаратты әдепсіз түрде тарататын болса, онда мұндай жағдайда мінсіз жиынтық бойынша саралауға болады. Бұл қорлаудың арнайы түрлеріне де қатысты (мысалы, билік өкілі қорлау)».

Шындыққа сай келмейтін мәліметтер ғана нұқсан келтіретін мәліметтер болмайтыны айқын. Сонымен қатар, адамға өзінің айналасындағылардың алдындағы беделін қоғамдағы нормалармен, деңгеймен салыстырғанда жоғары деңгейде ұстауға кедергі жасауға ешкімнің құқы жоқ. Сондықтан адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруді жәбірленуші талпынған және қол жеткізген

деңгеймен салыстырғанда, бұл ақпарат шынайы болса да, осы игіліктерді кемсітетін мәліметтерді тарату деп түсіну керек. Абырой мен қадір-қасиетке нұқсан келтіру сол немесе өзге де адамның жеке өміріне қолсұғылмаушылықты қылмыстық бұзудың, жеке өмірінің құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етудің салдары болуы мүмкін. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 130 және 147-баптарының құрамдарын ажыратудың жалғыз негізі адамның жеке өмірі туралы таратылған ақпараттың шындыққа сай келуі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабында көзделген қылмыстың қосымша объектісі жәбірленушінің абыройы мен қадір-қасиеті болуы мүмкін. Қылмыстық кодекстің 131-бабында қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту үшін жауаптылық туралы дербес норма көзделген. Аталған екі құрамның арасындағы айырмашылық неде?

Ең алдымен, егер жеке өмірге қолсұғушылық бұзылған жағдайда адамның абыройы мен қадір-қасиетін кемсіту жеке бастың құпиясын құрайтын мәліметтердің мазмұнының өзі нұқсан келтіретіндей сипатта болуының, жеке адам, жәбірленушінің мінез-құлық қасиеттері туралы қоғамда қалыптасқан жағымды пікірге, сондай-ақ соңғының өзін-өзі жағымды бағалауына сәйкес келмеуінің салдарынан болуы мүмкін болса, қорлау жағдайында адамның абыройы мен қадір-қасиетіне әдепсіз, яғни қоғамда қалыптасқан мінез-құлық ережелеріне мүлдем қарама-қарсы келетін нысан теріс әсер етеді, онда жәбірленушінің өзіне, оның жеке басының өмірін құрайтын мінез-құлыққа, әрекеттеріне баға беріледі.

Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзу құрамының міндетті элементі – мәліметтерді (оның ішінде нұқсан келтіретін) тарату, – яғни оларды жәбірленушінің өзінен бөлек бір адамға болса да хабарлау. Қорлау жәбірленушіге онымен оңаша қалғанда да келтірілуі мүмкін.

Қылмыстық-құқықтық қорғау тұрғысынан азаматтың жеке өмірі – бұл оны сәйкестендіру және оның өмір сүруі үшін шешуші маңызға ие аспектілер жиынтығы, олардың негізгілері оның өзі, оның отбасы, тұрғынжайы мен меншігі болып табылады және оның жеке 20,5 нөміріне мемлекет пен қоғам тек заңда белгіленген жағдайларда ғана кіріседі деп санаймыз.

Азаматтың жеке өмірінің мұндай ұғымы оған қолсұғылмаушылығын бұзатын бірқатар қылмыстарды бөлу үшін негіз болады, себебі, мысалы, сыбайлас жемқорлық немесе лауазымдық қылмыстардың барлық аспектілері бір норманың диспозициясына сыймайтын сияқты, бір нормада азаматтардың жеке өмірінің барлық аспектілерін ескеру мүмкін емес.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде төмендегідей теориялық сипаттағы тұжырымдар мен бірқатар әдістемелік ұсынымдар туындады:

Жоғарыда аталғандардың негізінде «жеке өмір» ұғымына келесідей анықтама беруге болады: «Конституцияда танылған және кепілдік берілген, заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам және мемлекет тарапынан бақылауға жатпайтын адамның тіршілік әрекетінің саласы».

Субъективтік құқық ретіндегі жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы – бұл адам өзінің жеке өмірінің құпиялық дәрежесін өзі анықтайтын мінез-құлық нұсқаларын таңдау мүмкіндігі. Сонымен қатар, мұндай мүмкіндік шексіз емес, өйткені жалпы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында адамның жеке өмір саласына араласу мүмкіндігі заңмен көзделуі мүмкін. Бірақ, жеке өмір саласына заңды араласудың әрбір фактісі бірқатар міндетті шараларға жауап беруі тиіс.

Ең алдымен, жеке өмір саласына қолсұғатын тұлғаның заңмен берілген арнайы өкілеттілігі болуы тиіс. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын заңды түрде шектеу абсолютті сипатқа ие бола алмайды, керісінше, бұл құқықты шектеу жолымен қол жеткізілуі тиіс, мерзімі тікелей мақсатына тәуелді болатын уақытша шектеу. Жеке өмірге қолсұғылмаушылыққа қатысты заңды әрекеттерді жүргізу үшін, оларды жүргізуге шынайы, анық және нақты қажеттіліктің болуы бірден-бір негіз болып табылады.

Жеке өмір саласына қол сұғудың заңды тәсілдерін зерттеу «жария адамдардың» қызметінде құқықтық кемшіліктер бар екенін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, азаматтық заңнамада адамның суреттік бейнесін оның келісімінсіз пайдалануға ешкімнің құқығы жоқ деп бекітілумен байланысты тәжірибеде проблемалар жиі туындап жатады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147 және 148-баптарында қарастырылған қылмыстардың

негізгі айырмашылығы, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзған жағдайда телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлардың мазмұны маңызды емес екенін ескеруіміз қажет.

Сонымен қатар, жеке өмірге қолсұғылмаушылық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 148-бабында қарастырылған қылмыстарды жасау арқылы бұзылуы мүмкін.

Қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147 және 149-баптары ерекшеленеді. Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты бұзуда жеке өмірге қолсұғылмаушылықтың ақпараттық аспектісі, яғни адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтер қорғалады, ал тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзуда тұлғаның заңды мүддесі, әлеуметтік игілік ретіндегі тұрғынжайдың өзі қорғалуға жатады.

Демек, аталған нормалар түрлі әлеуметтік игіліктерді қорғайтын болғандықтан бәсекелестікті тудырмайды. Осының негізінде, тұрғынжайға басып кіріп және жеке өмір туралы ақпаратты жинаған жағдайда, бұл іс-әрекет тұрғынжайдағы адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді заңсыз жинау, не өзге де дербес деректерді заңсыз жинау мақсатында жасалған болса ғана Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 149 және 147-баптарының жиынтығы бойынша саралау жүргізіледі деген қорытынды жасауға болады. Бұл мақсат жәбірленушінің тұрғынжайы аумағына басып кірудің алдында немесе кіру аяқталғаннан кейін де пайда болуы мүмкін.

Бала асырап алу құпиясын жария ету кезінде (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабы) отбасы мүдделеріне қолсұғушылық жүзеге асырылады, сонымен қатар жеке және отбасы құпиясын бұзу да орын алады.

Бала асырап алу құпиясын жария етуді бөлек нормаға шығарып және оны Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 2-тарауына орналастыру, жеке және отбасы құпиясын құрайтын мәліметтерді таратудың өзге де жағдайларымен салыстырғанда оның ерекше, жоғары қауіптілік дәрежесін көрсетеді. Демек, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабында қарастырылған қылмыс құрамы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабының төртінші бөлігінде қарастырылған қылмыс құрамына қатысты арнайы болып келеді.

Алайда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабының санкциясы онда қарастырылған құрамдағы құқық бұзушылыққа қылмыстық-құқықтық әсер етудің ақылға қонымсыз шарасы болып табылады. Мұндай жағдай қолайлы болып табылмағандықтан және де түзетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 138-бабында көзделген қылмыс құрамының 147-баптағы құраммен салыстырғанда, негізгі объектісінің белгісі бойынша ғана емес, қылмыстың объективтік, субъективтік жақтары, субъектісі бойынша өзінің ерекшеліктері мен айырмашылығы бар.

Басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 130-бабы бойынша қылмыстық жауаптылықты көздейді және адамның жеке өмірі туралы шындыққа сәйкес келетін ақпаратты тарату жағдайларынан ажырату үшін негіз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Айтқожин А.К. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы, 1998. – 239 б.
2. Мордовец А.С. Социально-юридический механизм обеспечения прав человека и гражданина. – Саратов: Изд-во МВД РФ, 1996. – С. 288.
3. Баймаханова Д.М. Проблемы прав человека в системе конституционализма в Республике Казахстан. – Алматы: Раритет, 2010. – С. 368.
4. Андреева Г.Н. Конституционное право зарубежных стран в вопросах и ответах: учебное пособие. – М.: Изд-во Эксмо, 2005. – С. 320.
5. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституциясы (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
6. Канина И.А. Частная жизнь в сфере права: автореф. ...канд. юрид. наук: 12.00.01. – Тамбов, 2006. – С. 24.
7. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда №217 А (III) қабылданған // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
8. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0500000091_
9. Диваева И.Р. Уголовно-правовая охрана права на неприкосновенность частной (личной) жизни человека в

России: дис. ... канд.юрид.наук: 12.00.08. – Уфа, 2004. – С. 208.

10. Рамазанова Л.А. Право на неприкосновенность частной жизни // Право на неприкосновенность частной жизни в Республике Казахстан: Сборник материалов экспертной встречи. – Астана: Центр исследования правовой политики, 2009. – С. 21-25.

11. Измайлова Н.С. Неприкосновенность частной жизни в гражданском праве: на примере права Великобритании, США и России: автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.03. – М., 2009. – С. 29.

12. Татаринова Л.Ф. Конституционно-правовое обеспечение права человека на неприкосновенность частной жизни: автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.02. – Бишкек, 2010. – С. 30.

13. Романовский Г.Б. Право на неприкосновенность частной жизни. – М.: МЗ-Пресс, 2001. – С. 312.

14. Рахимбердин К.Х. Гуманизация уголовной политики Казахстана в условиях развития гражданского общества: дис. ... д-ра юрид. наук: 12.00.08. – Бишкек, 2012. – С. 399.

15. Жатканбаева А.Е. Правовые аспекты информационной безопасности в Республике Казахстан. – Алматы: Министерство образования и науки Республики Казахстан, 2009. – С. 304.

16. Конституция Республики Казахстан: Научно-правовой комментарий / Под ред. Сапаргалиева Г.С. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – С. 432.

17. Калабаев О.У. Проблемы охраны тайны частной жизни в уголовном судопроизводстве: автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.09. – Екатеринбург, 2005. – С. 28.

18. Жетписов С.К. Право на неприкосновенность частной жизни и его судебная защита в Республике Казахстан: автореф. ...канд. юрид. наук: 12.00.11. – Алматы, 2007. – С. 27.

19. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380/>

20. Конвенция Совета Европы №108 «Конвенция о защите физических лиц при автоматизированной обработке персональных данных» (Страсбург, 28 января 1981 г.) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1034061

21. Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: учебник под ред. д.ю.н., профессора И.И. Рогова, к.ю.н., профессора С.М. Рахметова. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. – С. 792.

22. Щебетина М.В. Незаконное нарушение тайны переписки, телеграфных переговоров, почтовых, телеграфных или иных сообщений // Современные проблемы и тенденции развития уголовного права, криминологии и уголовно-исполнительного права Республики Казахстан: матер. Междунар. научно-практ. конф. – Караганды: КарЮИ МВД Республики Казахстан, 2009. – Т. 1. – С. 548-552.

23. Бушков Д.В. Право на тайну личной корреспонденции как объект уголовно-правовой охраны // Общество и право. – Краснодар, 2004. – №2 (4). – С. 48-52.

24. Бимбетов С.Б. Правовые основы ограничения прав граждан на тайну переписки, телефонных переговоров, почтовых, телеграфных и иных сообщений // Председательство Казахстана в ОБСЕ. Международно-правовые стандарты обеспечения, охраны и защиты прав и свобод человека и гражданина: мат-лы Междунар. научно-практ. конф. – Алматы: ООНИиРИР Академии МВД Республики Казахстан, 2010. – С. 399-407.

25. Авхадеева Л.Ш. Уголовно-правовые проблемы квалификации нарушения неприкосновенности жилища и его предупреждение: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.08. – Караганда, 2002. – С. 170.

26. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V ҚРЗ (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000188>

27. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Заңы (21.04.2016 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094_

28. Филимонова Е.А. Конституционное право российских граждан на неприкосновенность частной жизни: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.02. – Волгоград, 2005. – С. 229.

29. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі (09.04.2016 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

30. Айкумбеков Н.Р. Уголовно-правовая охрана репродуктивного здоровья в Республике Казахстан: дис. ...к.ю.н. – Алматы, 2008. – С. 117.

31. Рустемова Г.Р. О врачебной тайне // Ленинградский юридический журнал. – СПб., 2012. – № 4 (30). – С. 240-249.

Мазмұны

Кіріспе.....	2
1. Азаматтардың жеке өміріне қолсұғылмаушылық құқығының ұғымы.....	5
2. Жеке өмірдің жекелеген аспектілеріне қолсұғатын өзге де қылмыстарды ажырату.....	23
Қорытынды	49
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	52

Беттеу:
К.Н. Саратекова

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы
Алматы академиясы ғылыми-зерттеу
және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі
050060, Алматы қ., Өтепов көш., 29

Басуға 10 қазан 2023 ж. жіберілді.
Пішімі 60x84 1/16 №1 баспаханалық қағаз.
Ризографтық басылыс. Есептік баспа табағы 2,2.
Таралымы 50.